

ДАМУ

д а й д ж е с т

октябрь

**S&P Global
Ratings**

**S&P повысило
рейтинг Фонда "Даму"
до "BBB-/A-3"**





**Поднимите свой
бизнес на новый
уровень** вместе с
Фондом «Даму»

www.damu.kz
call-center 1408





Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары

Қымбатты достар!

Бүгін назарларыңызға «Даму Дайджест» журналының 2021 жылдың үшінші тоқсанын қорытындылаған санын ұсынып отырмыз. Журнал «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тыныс-тіршілігінен хабар беріп, еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау құралдарымен таныстырады. Сонымен қатар, Қор жаңалықтары мен бағдарламалары жайлы мол мәлімет ала аласыз.

Журналдан Қор қолдауын алған, мемлекеттік қолдау құралдарын пайдаланған кәсіпорындар жайлы нақты мысалдар ретінде келтірілген. Яғни, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу арқылы кәсіп ашып немесе жұмысы жүріп тұрған бизнесін дамытып, өрлеп келе жатқан кәсіпкерлердің табыс тарихы беріледі.

Қордың Қазақстандағы ШОБ қолдау үшін салған қаржысы цифрлармен өрілсе, кәсіппен айналысам дегендер үшін пайдалы кеңестер мен табысты кәсіпкерлермен сұқбаттар берілген. Қор жаңалықтары мен бағдарлама талаптары журналдың мазмұнын түйіндейді.

«Даму Дайджест» электронды журналы №4 (13) 2021

2019 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Бас редактор
Ғалым Нұрғазиев

Редактор
Зәуре Зақанқызы

Жобаға қатысқандар
Асель Камалиденова
Жалғас Бекбаев
Мәриям Оңғарова
Зарина Құдайбергенова
Баян Садыкова
Минара Елдес
Болат Катаров

Дизайн мен беттеу
Абзал Қуандық

Фотосуреттер
ЖШС/ЖК иелеріне тиесілі

Меншік иесі:

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Мекенжай: ҚР, Алматы қ., А05С9Ү3.
Гоголь көш., 111
E-mail: info@fund.kz
Call-орталық (тегін) 1408
Тел: +7 (727) 244 55 66

«Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдауын жалғастырып келеді

“

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры — бұл микро-, шағын және орта бизнесті қолдау саласындағы Қазақстанның негізгі қаржылық даму институты.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарушы директоры Әлия Ағыбаева мемлекеттік қолдаудың кәсіпкерлер арасында үлкен сұранысқа ие екенін айтты.



ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС «ДАМУ» ҚОРЫ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕН ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ АЛЫП ЖАТЫР?

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Даму» Қоры) несиеге кепілдік беру, несиенің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және банктерге, микроқаржы ұйымдары мен лизинг компанияларына (бұдан әрі – несие ұйымдары) қаражат салу арқылы жеңілдікпен несие беру атты негізгі үш құрал бойынша мемлекеттік қолдау көрсетіп келеді. Қаржылай қолдау «Бизнестің жол картасы 2025» (БЖК 2025), «Қарапайым заттар экономикасы» (ҚЗЭ) және өңдеу өнеркәсібі саласындағы ШОБ қолдауға бағытталған «Даму-Өндіріс» бағдарламасы аясында ұсынылады.

Субсидиялау – несие ұйымдары бизнесті дамыту үшін несиенің сыйақы мөлшерлемесін төмендетуді білдіреді. Осы құралдың арқасында кәсіпкер несие бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 6% ғана төлейді, мөлшерлеменің қалған бөлігін мемлекет «Даму» Қоры арқылы жабады.

Кепілдік беру – банк талап еткен кепілзаты жеткіліксіз болған кәсіпкерлерге арналған құрал. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге «Даму» Қоры несие сомасының 85%-ына дейін кепілдік ұсынады. Бизнесі бұрыннан бар кәсіпкер үшін Қор несие сомасының 50%-ына дейін кепілдік береді. Бұл ретте қарыздың ең жоғары мөлшері 1 млрд теңге.

Жеңілдікпен несиелендіру құралы аясында ең төменгі мөлшерлеме – жылына 4%. Оны жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды жүзеге асыратын кәсіпкерлер ала алады. Сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер де қаржыны 6%-бен ала алады.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУ ШАРТТАРЫ ӨЗГЕРЕ МЕ? МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ҚАНДАЙ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ ПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН?

Қазақстан Үкіметінің қаржы агенті ретінде Қор кәсіпкерлердің қажеттіліктерін және мемлекеттік бағдарламалардың ел экономикасына әсерін талдай отыра, әзірленген бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асырады. Экономика дамып, ШОБ секторындағы жағдай өзгеруімен қатар мемлекеттік қолдау да жылдан жылға өзгеріп келеді. Сонымен бірге «Даму» Қорының кәсіпкерлермен өзара әрекеттестігі де дамуда.

Кәсіпкерлерді қаржыландыру үшін «Даму» Қоры биржа алаңдарынан да қаражат тартады. АІХ (АХҚО) алаңына 200 млн теңгеге дебюттік «жасыл» облигациялар шығарылды. KASE-де алғаш рет 1 млрд теңгеге әлеуметтік облигациялар салынды.

«Жасыл» облигациялар шығарудан түскен қаражатқа жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытындағы «Solar» компаниясының күн батареяларын орнату жобасы қаржыландырылды.

Әлеуметтік облигациялардың қаражатын екінші деңгейлі банк, микроқаржы ұйымы немесе лизинг компаниялары арқылы COVID-19 пандемиясы кезінде экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнесті қаржыландыруға жұмсау жоспарлануда.

ЕҢ ҚИЫНЫ – ІСІН ЖАҢА БАСТАҒАН КӘСІПКЕРЛЕР МЕН МИКРОБИЗНЕСТІҢ

НЕСИЕ АЛУЫ. ОЛАРДА КӨБІНЕСЕ КЕПІЛМҮЛІК ЖОҚ, АЙНАЛЫМДАРЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ. ОСЫ БАҒЫТТА ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАНЫН АЙТА АЛАСЫЗ БА?

Өткен жылы «БЖК 2025» бағдарламасы аясында микробизнеске арналған жаңа бағыт іске қосылды. Ол бойынша бүгінде кәсіпкерлер 20 миллион теңгеге дейінгі несиеге қол жеткізіп, несие сомасының 85%-ына дейін кепілдік алып, ішінара субсидиялаудың арқасында пайыздық мөлшерлемесін 6%-ға дейін түсіре алады. Бұл бағдарлама аясында айналым қаражатын толықтыруға 5 миллион теңгеге дейін жұмсай алса, қалған соманы инвестиция үшін жаратуға мүмкіндігі бар. Айналым қаражатын толықтыруға субсидия 2 жылға дейінгі, ал инвестициялық мақсаттарға – 3 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Микробизнеске арналған жаңа бағдарлама кәсіпкерлерге портфельдік субсидиялау мен кепілдіктің артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Ол бойынша несие беруге арналған өтінімдерді қарау кезеңі мен мерзімі 6 жұмыс күніне дейін қысқартылған. Бұл – кәсіпкерлер мен олардың бизнесі үшін аса маңызды.

Сондай-ақ, микробизнес субъектілері микроқаржы ұйымдарынан алған несиелеріне де субсидия мен кепілдік беру құралын пайдалана алады. Бағдарлама іске қосылған 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап қазіргі уақытқа дейін несие сомасы 73,7 млрд теңге болатын 13,2 мың жобаға қолдау көрсетілді.

ПАНДЕМИЯҒА ДЕЙІН ЕЛДЕ ҚАНША ШОБ НЫСАНЫ ЖҰМЫС ІСТЕДІ? ҚАЗІР ОЛАРДЫҢ САНЫ ҚАНША?

Ресми статистикаға сүйенеміз. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі жанындағы Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (ШОК) саны 2020 жылғы 1 қаңтарда – 1,33 млн, 2021 жылғы 1 қыркүйекте – 1,39 млн болған.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ «ДАМУ» ҚОРЫ ҚАНША ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚОЛДАДЫ?

2021 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша: «БЖК-2025» және «ҚЗЭ» бағдарламалары бойынша жалпы сомасы 643,6 млрд теңге болатын 16,3 жоба субсидияланды және кепілдік алды.

Осы кезең ішінде «БЖК-2025», «ҚЗЭ» және «Даму-Оптим» бағдарламалары аясындағы несие бойынша жалпы сомасы 218,6 млрд теңге болатын 11,5 мың жоба кепілдік алды.

Жеңілдікті несие беру аясында 2021 жылдың жеті айында несие ұйымдары арқылы несие сомасы 113,1 млрд теңге болатын 5,4 мың жобаға қолдау көрсетілді.

Осы бағдарламалардың арқасында экономиканың тұрақтылығына қол жетті, жұмыс орындары сақталып, іскерлік белсенділік төмендемеді. Өндіріс өсімі артты.

«ДАМУ» ҚОРЫ АРҚЫЛЫ ШОБ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ НЕМЕСЕ НАҚТЫ СТАНДАРТЫ БАР МА?

«БЖК 2025» және «ҚЗЭ» бағдарламаларының шарты бойынша, кәсіпкер екі жыл ішінде кемінде үш көрсеткіштің бірін орындауы керек. Олар: жұмыс орындарын ұлғайту немесе сақтау, кірістердің өсімі, төленетін салық көлемін 10%-ға ұлғайту.

Қор қызметінің тиімдігі – кәсіпкерлерді қамту көрсеткішінің артуымен өлшенеді. Жыл сайын ол алдыңғы кезеңге қарағанда 10-15%-ды құрауы тиіс. 2020 жылы өсім 32%-ды құрады. Тісінше, 2021 жылы Қор 36 мыңға жуық жобаға қолдау көрсетуді көздеп отыр. Бөлінген бюджет қаражатының тиімділігін өлшеудің тағы бір тәсілі – салық түсімдері. Мемлекеттік кірістер комитетімен жасалған меморандум аясында «Даму» Қоры декларацияларды сұратып отырады және қолдау алған кәсіпкерлердің әрбір БСН-і бойынша деректерді салыстырады. 10 жыл ішінде субсидиялауға 278 млрд теңге бөлінді, ал салық ретінде 2,2 трлн теңге қайтты. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 1 теңге субсидия бюджетке 6 теңге салық және 85 теңге түсім ретінде қайтып отырған.

2020 жылы «Даму» Қоры «БЖК-2025» бағдарламасы аясында 54 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын сақтап қалды, 573 млрд теңгенің

салығы төленді, өнім шығару 38%-ға өсті.

Мемлекеттік бағдарламалар ішінде кәсіпкерлер ең көп жүгінетіні: «Бизнесің жол картасы 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы екенін айта кеткен жөн.

Олар тиімділігін дәлелдеп, Қазақстан экономикасына оң әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсетті және мұны Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің таяудағы Жолдауында да атап өтті.

Мемлекеттік бағдарламалардың барлық шарттары сайтта жарияланған. Сілтеме: <https://damu.kz/programmii/>.

Шоколад әлемінің патшайымы

Қазір шоколад – таңсық тағам емес. Келген адам ащы-тәтті, ақ-қара деп таңдап жүріп, таңдайына сала алады. Бірақ шоколад жәй ғана тәттінің бір түрі емес, көңіл-күйді көтеретін қасиетке ие ғажайып тағам. Көне ғасырларда ол сұйық күйінде құдайдың сусыны саналып, тек патшалар ғана қол жеткізе алатын. «AltynAi» шоколад шеберханасының негізін қалаушы Рысқұлова Алтынай Ғаббасқызы нағыз шебер ғана қолмен жасай алатын шоколадтың бар құпиясын айтып бере алады.

“

Біріншіден, мен сауда қызметкерінің қызымын», - дейді Алтынай Ғаббасқызы. «Бізді бала кезімізде таң қалдыру қиын болды. Бір күні жаңа жылда анам бізге ақ шоколадтан жасалған қарағандылық кәмпиттердің үлкен қорабын сыйға тартты. Сол кезде мен біздің нарықта кейбір адамдар үшін қол жетпейтін өнімдер бар екенін түсіндім.

”



#Табыстылар тарихы

Кәсіпкер Алтынай Ғаббасқызы есейіп, ес тоқтата келе қолдан жасалған кәмпит сегментіне назар аудара бастады. Кейінірек, Еуропаға саяхат барысында осы идеяны жүзеге асыру туралы ой келді. Франция, Бельгия сияқты елдерде кондитерлік өнердің осы түрі жақсы дамыған және жұрт тумыс-достарына сыйлық ретінде жиі ұсынады. Бұл сыйлыққа деген зор қызығушылыққа куә болып, әрі елдегі бұл салада бәсеке аз екенін байқап, шоколад өнімдерін жасау бизнесін ашу идеясы пайда болды.

Кәсіпкер шоколадпен жұмыс істеу бойынша түрлі мектептер мен курстарды іздестіре бастады. Бірақ бекер екен. Қазақстанда, бұл салада бәсекелес қана емес, тәлімгерлер де жоқ болып шықты. Бірде Мәскеуде әлемдегі ең танымал шоколадтардың бірі саналатын Chocolate Academy халықаралық шоколад академиясын тапты. Оған жету оңай шаруа болмай шықты. Әйгілі шоколадшының басшылығымен бірнеше кезеңнен өтті (кейінірек ол Нұр-Сұлтан қаласында кәсіпкер ұйымдастырған фестивальге құрметті қонақ болып келді).

Курстарды (негізгі 3 курс) аяқтап, бизнес бастау үшін негіз қалап, жеке бизнес – «AltynAi» (бұрынғы – Gouden Truffle) шоколад шеберханасын ашуға шешім қабылдады. Бұған отбасы үлкен көмек көрсетті. Үлкен ұлы – шоколад жасау процесі мен технологиясын басқаратын керемет

кондитер аспаз болса, ортаншы ұл – smm менеджер, маркетинг. Ал кенжесі барлық шаруада қолғанат болды.

«Бизнес ашу кезінде әр түрлі кедергілер болды. Саланың өзі – қолдан жасалған шоколад ісі біздің елде онша танымал емес. Алғашқы цехты 2017 жылдың наурыз айында аштық. Ол кезде нарыққа бейімделдік. Өткен жыл қалпына келтіру жылы болды. Мойындаймын, бұл оңай болған жоқ. Бірақ жақын адамдарыңыздың қолдауы және мақсатқа нақты көзқарас болған кезде, іс нәтижесін береді. Біз өзіміз рецептті әзірлеумен айналысудамыз. Қазақстанға Barry Callebaut (шоколадтың әлемдік нарығындағы көтбасшылардың бірі) өнімдерін жеткізушіміз. Айтпақшы, біздің рецептімізді сұрайтын ресейлік кондитерлер бар, мүмкін болашақта біз көрші елдердегі әріптестерімізбен ынтымақтық орнатармыз», – дейді Алтынай.

Кәсіпкер Рысқұлова Алтынай Ғаббасқызы «AltynAi» шоколад шеберханасын ашарда алдымен «Даму» Қорының қолдауына жүгінді.

2018 жылы Қор «Нұрбанк» АҚ-тың қаржыландыруымен «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша жылына 6%-дық жеңіл несие алуда қолдау

көрсетті. Ол кезде «Даму» Қоры несие сомасының 85% мөлшерінде кепілдік берді. 2020 жылы кәсіпкер қолдау сұрап қайта келді. Соның нәтижесінде «Даму» Қоры жобаны «Қазақстан Халық банкі» АҚ арқылы тағы да «Еңбек» бағдарламасы бойынша 6% мөлшеріндегі жеңіл несие және қарыз сомасының 70%-дық кепілдігімен қолдады.

Бүгінгі таңда кәсіпкер жобаны кеңейтуді – қызметкерлер санын көбейтуді жоспарлап отыр.

«Иә, Нұр-Сұлтанда да бізді көпшілік біледі. 2017 жылы шоколад жасау бойынша шеберлік сабағы өткен фестиваль ұйымдастырылды. Әлемдік білгірлерді әкелу үшін ауқымды фестивальдерді одан әрі өткізуді жоспарлап отырмыз және ол үшін демеушілер іздеудеміз. Біз өнімдеріміздің импорттан еш кем емес екенін көрсеткіміз келеді және олар танымал әлемдік брендтерге лайықты бәсекелес бола алады. Иә, күрделі жолмен келе жатқанымызды білемін, бірақ біздің өз артықшылықтарымыз бар: біз отандық нарықты, қазақстандық менталитетті білеміз және жеке кәсіпкерлер болғандықтан, бізге ешкім ықпал ете алмайды, нені және қалай жақсы жасау екенін өзіміз шешеміз», - дейді кәсіпкер.

Кәсіпкердің арманы – «AltynAi»-ді Қазақстанда ғана емес, шетелде де көтбасшы брендке айналдыру!



Жүрекке жақын іспен айналысу міндетті түрде жеңіске жеткізеді



Оралдық Баян Давлетова – жас ұрпақты осындай теріс эмоциялардан арашалап, әсемдікке баулып жүрген жан. Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі, этнограф, психолог, дизайнер, балалар мен ересектерге арналған Ars Longa бейнелеу студиясының негізін қалаушы, шығармашылық білім беру саласында тәжірибесі мол маман. Бүгінгі сұқбатта қолөнердің, ежелгі дәстүрлердің жандануы, ұлттық мәдениетті насихаттау, еркін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу үшін еңбек етіп келетінін айтып, ой-жоспарларын бөлісті.

БАЯН ҒАББАСҚЫЗЫ, ӘДЕТТЕ, ӘСЕМДІККЕ ҚҰМАРЛЫҚ СӘБИ КЕЗДЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ. БАЛАЛЫҒЫҢЫЗ ҚАЙДА, ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Қарағанды қаласында дәл жаңа жыл түнінде дүниеге келдім. Мұндағыларды былайғы жұрт «шахтерлер» дейтіні бар. Ал мен және бауырларым өнер, музыка, тарих пен әдебиетті сүйетін, рухани дүниесі бай, «Қозы көрпеш-Баян сұлу», «Манас» жырымен сусындап, Огинскийдің Полонезі мен Ескендір Хасанғалиевтің «Атамеке» әнін тыңдаудан жалықпайтын отбасында өстік. Кешке ұйқыға кетер алдында анамның кітап оқитыны, онсыз көз ілмейтініміз есімде. Әсіресе В. Осееваның «Динка» повесі жадымда мықтап сақталып қалған. Жаңа жылда отбасы мүшелері түгел үстел басына жиналып, шырша безендіретін ойыншықтарды қолдан жасайтын едік. Мектеп – екінші үйім болды десем де болады. Үнемі сурет, қолөнер үйірмесіне қатысып, музыкамен әуестендім. Кейін жоғары оқу орнын таңдағанда да осы өнерге деген махаббатым жеңді. Орал педагогика институтының, көркем-графика факультетін тәмамдадым. Яғни бірінші алған білімім бойынша сурет, сызу және еңбек пәнінің мұғалімімін.

#Сұқбат

ЯҒНИ, ЕҢБЕК ЖОЛЫҢЫЗДЫ ДА ОСЫ САЛАДА БАСТАДЫҢЫЗ?

Иә, алты жыл бойы Бұлдырты, Жымпитыдағы ауыл мектебінде ұстаздық еттім. Кейін жоғары оқу орнында да сабақ бердім. Бұған қоса Италия сән мектебін де бітіріп алдым. Қосымша «Педагог-психолог» мамандығым игердім. Ғылым академиясының аспирантурасына түсіп, «Батыс өңірдегі қазақтардың дәстүрлі киімі» деген тақырыпта ғылыми жұмыс қорғадым. Осы жылдар аралығында бірталай ғылыми мақала, әдістеме құралдар мен оқулықтар шығардым. Менің эскиздерім бойынша қаладағы шығармашылық ұжымдардың 800-ден астам сахна киімдері тігілді. Киім дизайны жағынан талай республикалық, халықаралық жарыстарда топ жардым

БИЗНЕСКЕ КЕЛУГЕ НЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ?

Шығармашылықпен айналысып, оны жұртқа да үйретуді жаным қалайды. 2006-2007 жылдары изо студия аштым. Ол жерге келушілер қиялына ерік беріп, еркін шығармашылықпен айналысатын. Шеберлік сабақтары, арт тренингтер өтіп тұрды. Менің студиям шәкірттерді 2,5 жасстан бастап қабылдайды. Мектеп оқушылары, студенттер, ата-ана, тіпті ата-әжелер де келеді. Мен осы ортада жаным жай табады! Бұл бизнеске де сондай рахат сезіммен, қанат біткендей күйде аяқ бастым десем де болады. Себебі мен айналысқан ісімнен ләззат аламын. Жоғары оқу орнында жұмыс істеп жүргенде де, өз студиямда да солай. Тіпті студиядағы жұмысымды бизнес емес хобби дер едім. Жаныма жаққан және шығармашылық еркіндік сыйлайтын бизнес бұл. Бүгінде көне дәстүрлер, қолөнер, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр жаңғырып жатыр. Ал қышпен жұмыс істеудің тарихы тым әріде. Мұндай өнер мектептері Қазақстанның барлық өңірінде бар. Мен өз арт-кеңістігімді ашуды көптен армандаған адаммын. Сол себепті, туған қалам Оралда да осындай өнер үйрететін орын болғанын қаладым.

Р.С. Назарбаев мектебі жанында қыш құмыра жасау үйірмесі бар; Батыс Қазақстан мемлекетік университетінде де студенттер үшін қолданбалы өнер шеберханасы жұмыс істеп тұр.

БҰЛ БИЗНЕСКЕ ЖАНЫҢЫЗДЫҢ ҚАЛАУЫМЕН КЕЛДІМ ДЕДІҢІЗ. АЛ ЖОЛЫҢЫЗДА КЕДЕРГІЛЕР БОЛМАДЫ МА?

Аса қиын кедергілер болған жоқ. Мен үнемі алдыма мақсат қойып, соған жетуге тырысамын. Арт мектебім болғанын үнемі армандадым. Армандар орындалады! Тек дұрыс жолды таңдай білсең болғаны. Мен достарымның ақылымен «Даму» Қорына жүгіндім. Себебі көркемөнер студиясын жарақтандыруға жеңілдікпен несие алуым керек болды. Сөйтіп, 2020 жылы қыштан бұйым илеу мектебі ашылды. Қазір мұнда шеберлік сабақтары, курстар, ересектер мен балаларға арналған балшық-терапия жұмыс істеп тұр.

БАСҚА САЛАДАҒЫ БИЗНЕСТЕ ӨЗІҢІЗДІ ЕЛЕСТЕТЕ АЛАСЫЗ БА?

Неге Дәл осы сала дейсіз бе??? Мен осы салада өстім. Шығармашылық менің қанымда, жанымда! Үйдің үлкендері түгел музыка аспаптарында ойнап, ән салып, би билеп, өлең шығарып, сурет салатын. Кішілеріміз түгелдей дерлік шығармашылық салада білім алды. Бірі дизайнер, бірі телевизияда анимация режиссёрі. Суретші, қолөнерші, гитарада ойнап, өлең оқуды ұнататындары да бар.

ЯҒНИ БИЗНЕСТЕ ДЕ ӨМІРДЕ ДЕ МЫҚТЫ ҚОЛДАУ БАР ДЕЙСІЗ?

Менің ең басты қолдаушыларым – отбасым, туыстарым. Рухани жағынан да, қол көмек қажет болғанда да, тіпті кейде қаржылай да демеушілерім солар. Менің көкте қалықтаған қиялымнан туған кез келген идеямды олар қоштап, демеу, орындалуына бар күш-жігерін

аямайды! «Шығармашылық деген жұқпалы өнер. Оны жұрттың бәріне таратыңдар!», - деген ғой әйгілі Альберт Эйнштейн.

БАСТЫ ҚОЛДАУШЫЛАРЫҢЫЗ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ.

Менің жанкүйерлерім – айналамдағы туыс-бауырларым, студияластарым, шәкірттерімнің ата-аналары, достарым. Мен айдай сұлу екі қыздың анасымын. Меруерт – авторлық кино режиссёрі, Қазақ өнер университетінің түлегі болса, Аружаным – болашақ арт менеджер, продюсер, Жүргенев атындағы Өнер академиясының студенті. Сондай-ақ Карим-Зидан және Аймар атты екі тәтті немерем бар.

БОЛАШАҚ ЖОСПАРЛАРЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?

Шығармашылықымды тоқтатпау. Қыштан бұйымдар жасау ісіне кәрі-жасты түгел тартып, керамикадан жасалған бұйымдар көрмесін ұйымдастыру. Оған жас көзешілер де кәсіби мамандар да тартылса деймін. Сөйтіп бұл бизнесте де жаңа бағыт ашсам деген ойым бар.

БИЗНЕСКЕ БЕТ БҮРСАМ ДЕГЕН ЖАНДАР ҮШІН ҚАНДАЙ КЕҢЕС АЙТАР ЕДІҢІЗ?

Мен шығармашылық бизнес жайлы айтқым келеді. Егер қолыңнан қандай да бір өнер келсе – оны табыс көзіне неге айналдырмасқа? Жаныңа жақын істі дұрыс жолға қоя білсең – кіріс көзі етуге де болады. Ең бастысы – алға мақсат қойып, сол жолдан таймау керек. Жүрекке жақын іспен айналысу міндетті түрде жеңіске жеткізіп, сәттілікке есік ашары айқын.

УАҚЫТ БӨЛІП, СҰҚБАТТАСҚАНЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

Инстаграм: @art_potter_07
Орал қаласы, Есқалиев көшесі, 179
Телефон: +7 777 060 31 16

S&P повысило рейтинг Фонда "Даму" до "BBB-/A-3"

S&P Global Ratings (до 2016 года - Standard & Poor's Financial Services LLC) повысило долгосрочные и краткосрочные кредитные рейтинги фонда "Даму" по обязательствам в иностранной и национальной валюте до "BBB-/A-3", прогноз изменения рейтингов – "Стабильный".

Одновременно повышен рейтинг фонда по национальной шкале до уровня "kzAAA".

Агентство подчеркивает статус фонда "Даму" как "ключевой дочерней структуры группы холдинга "Байтерек".

Отмечаем очень важную роль для государства в сфере поддержки

предприятий малого и среднего бизнеса (МСБ), в частности, в Казахстане действует ряд программ, реализуемых исключительно "Даму", - констатируется в резюме документа.

S&P также обращает внимание на то, что у фонда "Даму" отмечаются улучшения, произошедшие за последние четыре года в процессе мониторинга правительством предстоящих выплат по долговым обязательствам организаций, связанных с государством, включая создание специальной комиссии для мониторинга уровня внешнего долга организаций, связанных с государством.

Председатель правления фонда "Даму" Гаухар Бурибаева подчеркнула, что основной задачей фонда, прежде всего, является содействие качественному развитию МСБ Казахстана.

Повышение кредитного рейтинга фонда и приравнивание рейтинга фонда к суверенному является подтверждением высокой финансовой устойчивости и системной значимости фонда в области социально-экономического развития государства и, в частности, развития сектора МСБ.

Ранее, 4 сентября 2021 года S&P подтвердило суверенный кредитный рейтинг Республики Казахстан на уровне "BBB-", прогноз "Стабильный".





Қостанайлық кәсіпкер тіккен көрпе – ошақтың жылуындай

Маржангүл Доцанова осыдан екі жыл бұрын бизнес ашқан. Алғашында Ресейден көрпе, төсек жаймаларын, сейсеп, жастық тыс әкеп сататын. Бірнеше ай жұмыс істегеннен кейін Маржангүл көрпе жеткізу қымбат екенін ұқты. Әрі ол көлемді, ауыр еді. Тасымалдау қиындығы мен шығынымен қатар, коронавирус таралуына байланысты пандемия жарияланған кезде шекара асып, тауар тасу оңай болмай қалды. Әр қиындықтың артында бір жеңілдік бар деген. Маржангүл үшін бұл дағдарыс – өз өндірісін ашуға түрткі болды. Іскер әйел әйел көрпені өзі тіккені тиімді екенін ұқты. Ең қолайлысы – ол тұратын аймақта синтепон өндіруші бар еді. Маржангүл көрпе тігу курсы оқып алып, жеке өндіріс ашуға шешім қабылдады. Бұл жердегі кедергі – қаржы болды. Жабдық алуға қомақты қаражат қажет.

2020 жылдың соңында Маржангүл бизнес-жоспар жасап, құжаттар жинап, банкке өтінім берді. «Нұрбанк» АҚ көрпе мен төсек жабдықтарын тігуге арналған, компьютермен басқарылатын тоқу машинасын сатып алуға несие берді. Кәсіпкердің 14,25%-дық несиесінің 8 пайызын «Бизнесің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында «Даму» қоры субсидиялап, 6%-ға түсіріп берді.



Маржангүл тігін шеберханасына ыңғайлы бөлмені жалға алып, қондырғыларды орнатып, шикізат сатып алып, тігуді бастады. Көрпелердің бірінші партиясы көтерме саудагерлерге жөнелтілді, сонымен қатар төсек-орын жабдықтарын сататын орын арқылы сатылды. Бизнес дөңгеленіп жүріп берді. Қазір Маржангүл бизнесін кеңейтіп, көрпені әр маусымға орай түрлендіріп, тығыздығы, көлемі, ішіне салынатын материалына қарай әр алуан етіп өндіріп жатыр. Ішіне табиғи жүн немесе синтепон салынған басқа да жамылғылар шығара бастады. Саудагерден өндірушіге айналған Маржангүлге сәттілік тілейміз!

**Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 102
Тел: +7 747 016 94 67**


В Фонде «Даму» автоматизировали процесс формирования заявок по программе «Даму-Өндіріс»

Государственная поддержка для микро-, малого и среднего бизнеса стремится стать максимально доступной, удобной и быстрой. Для этого все бизнес процессы оцифровываются и автоматизируются. Начались эти работы несколько лет назад и во время пандемии возможность обращаться онлайн в Фонд «Даму», дочернюю организацию холдинга «Байтерек», стала спасательным кругом для предпринимателей.

Автоматизацию и цифровизацию государственных услуг Фонд начал еще в 2016 году, когда стало возможным подавать заявки на участие в программах поддержки через портал электронного правительства egov.kz. В 2019 году «Даму» запустил уже собственную платформу Online.Damu.kz, которая работает по принципу финансового супермаркета. С тех пор популярность этих каналов растет. Если в 2019 году онлайн было подано

в среднем 24,5% всех заявок на две самые популярные услуги Фонда – субсидирование процентной ставки по кредиту и частичное либо полное гарантирование при отсутствии залога, - то в 2020 году этот показатель составил уже 66%. Ожидается, что по итогам 2021 года доля онлайн-заявок продолжит рост.

Подобная цифровизация не только удобна для клиентов и позволяет



гарантировать прозрачность процессов. Она выгодна и самому Фонду, так как позволяет существенно сокращать затраты времени сотрудников, и, что немаловажно, экономит средства.

К слову, с финансовыми средствами организация распоряжается с повышенной ответственностью, ведь в ведении «Даму» находятся государственные деньги, в том числе, из Национального Фонда РК. С целью повысить эффективность процедур, Фонд автоматизировал процесс формирования и подачи заявок на выдачу средств в рамках программы «Даму-Өндіріс» со стороны БВУ. Программа нацелена на поддержку малых и средних предприятий в обрабатывающей промышленности и сфере услуг и поддерживается за счет упомянутых средств Национального Фонда.

В программе участвует 10 банков, для них реализована электронная форма заявки в системе электронного документооборота Doculite, которая интегрирована информационной системой Фонда «Даму». Кратко процесс выглядит следующим образом. После согласования заявки Фондом «Даму», автоматически формируется исходящее письмо с отражением всей информации по заявке на выдачу средств от БВУ. Подписанное письмо автоматически поступает в Национальный банк Республики Казахстан и БВУ.

«Благодаря автоматизации исключены ошибки, связанные с человеческим фактором. Так как данные вводятся одним ответственным сотрудником банка, в свою очередь ответственный сотрудник Фонда «Даму» осуществляет лишь проверку данных, полученных через систему электронного документооборота Doculite. Таким образом, полностью исключен процесс ручного ввода и переноса данных по заявке сотрудниками «Даму», - объясняет Айтмухамед Жакып, управляющий директор Фонда.

В результате проведенной работы заявки на получение средств от предпринимателей по данной программе могут быть одобрены за два дня. Все участники процесса имеют возможность практически одновременно согласовывать заявки в системе. До введения автоматизации данного бизнес процесса, процедура занимала до пяти дней.

Сейчас государственный институт развития по поддержке микро-мало и среднего бизнеса работает над очередными задачами по автоматизации бизнес процессов.

Напомним, что цель Фонда «Даму» - оказывать финансовую поддержку предпринимателям с максимальным удобством для них за счет государственных средств в строгом соответствии с

постановлениями Правительства, а также за счет привлечения средств от международных институтов развития. В достижении этих целей Фонду помогает IT-компания Documentolog, разработчик упомянутой системы Doculite. Символично, что это на 100% казахстанская компания, разработавшая собственный продукт, способный конкурировать с популярными по всему миру системами от именитых разработчиков, в том числе, из силиконовой долины.

Байжан Канафин, генеральный директор компании Documentolog рассказал: «Мы сотрудничаем с Фондом «Даму» с 2014 года. За это время нам удалось автоматизировать не только внутренние процессы Фонда, но и реализовать ряд крупных совместных проектов, благодаря которым предприниматели страны имеют возможность быстро и прозрачно получать финансовую поддержку от государства. Данный проект также нацелен на ускорение процессов оказания услуг для МСБ. Сервис Doculite позволяет участникам программы «Даму-Өндіріс» за максимально короткий срок получить финансирование от государства, и все это в электронном юридически-значимом виде с применением ЭЦП».

Гарантирование за 3 квартал 2021 года

01 Государственная программа поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса – 2025»

1 467
проектов



на сумму кредитов

47 538 973 451 ТГ



на сумму гарантий

21 047 089 503 ТГ

02 Программа «Экономика простых вещей» (Механизм кредитования приоритетных проектов)

32
проекта



на сумму кредитов

6 543 251 200 ТГ



на сумму гарантий

3 010 813 951 ТГ

03 Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства «Еңбек» за 2021 год

15
проектов



на сумму кредитов

201 726 900 ТГ



на сумму гарантий

85 570 979 ТГ

04 Программа «Даму-оптима»

37
проектов



на сумму кредитов

3 551 158 062 ТГ



на сумму гарантий

1 489 420 648 ТГ

Итого:

поддержано **1 551 проектов** на сумму кредитов **57 835 109 613 тенге**,
на сумму гарантий **25 632 895 081 тенге**

Субсидирование за 3 квартал 2021 года

01 Государственная программа поддержки и развития бизнеса «**Дорожная карта бизнеса – 2025**»

1 949
проектов



на сумму кредитов

220 209 666 550 ТГ



выплачено субсидий

19 552 281 915 ТГ

02 Портфельное субсидирование в рамках государственной программы поддержки и развития бизнеса «**Дорожная карта бизнеса - 2025**»

1 783
проектов



на сумму кредитов

10 160 673 271 ТГ



выплачено субсидий

8 245 547 308 ТГ

03 Механизм кредитования приоритетных проектов в рамках программы «**Экономика простых вещей**»

111
проектов



на сумму кредитов

111 256 990 672 ТГ



выплачено субсидий

1 841 065 644 ТГ

04 Субсидии для предпринимателей в пострадавших секторах экономики в период пандемии **2 волна**

2 005
проектов



на сумму кредитов

68 076 383 737 ТГ



выплачено субсидий

2 793 719 579 ТГ

05 Субсидии для предпринимателей в пострадавших секторах экономики в период пандемии **3 волна**

3 053
проектов



на сумму кредитов

145 545 959 970 ТГ



выплачено субсидий

1 197 953 963 ТГ

Итого:

поддержано **8 901 проектов** на сумму кредитов **555 249 674 200 тенге**,
выплачено **33 630 568 409 тенге** субсидий

**По программам льготного кредитования
через БВУ, МФО, ЛК профинансировано
за период 01.07.2021-30.09.2021 года
2 039 заемщиков на сумму 57 597 891 531 тенге**

1. Государственная программа «Еңбек»

208 проектов



на сумму кредитов

2 101 968 346 тг

2. Программа финансирования региональных проектов «Даму-Регионы III»

195 проектов



на сумму кредитов

8 570 791 267 тг

3. Программа поддержки СМСП в сфере обрабатывающей промышленности (I транш Национального Фонда)

41 проект



на сумму кредитов

5 277 701 660 тг

4. Программа поддержки СМСП в сфере обрабатывающей промышленности и сфере услуг, относящихся к обслуживанию обрабатывающей промышленности (II транш Национального Фонда)

113 проектов



на сумму кредитов

10 286 061 187 тг

5. Программа поддержки СМСП в сфере обрабатывающей промышленности (III транш Национального Фонда)

96 проектов



на сумму кредитов

14 012 807 945 тг

6. Программа финансирования **ЛИЗИНГОВЫХ** сделок

46 проектов



на сумму кредитов

4 432 188 862 тг

7. Программа микрокредитования «**Даму-Микро**»

1 242 проекта



на сумму кредитов

3 861 409 646 тг

8. **Исламское** финансирование

20 проектов



на сумму кредитов

2 317 383 524 тг

9. Региональные программы совместно с **МИО**

119 проектов



на сумму кредитов

6 737 579 094 тг

Размещение средств по программам льготного кредитования через БВУ, МФО, ЛК за 3 квартал 2021 года

- **Исламское** финансирование

АО «Казахстанская Иджара Компания» 1 250 000 000 тг

- Региональная программа совместно с МИО г.Шымкент – **«Мен кәсіпкер боламын»**

АО «Народный Банк Казахстана» 200 000 000 тг

АО ДБ «Альфа-Банк» 100 000 000 тг

ДБ АО «Сбербанк» 240 000 000 тг

- Региональная программа совместно с МИО г.Алматы – **«Almaty Business»**

АО «ForteBank» 3 000 000 000 тг

ДО АО «Банк ВТБ (Казахстан)» 1 240 000 000 тг

АО ДБ «Альфа-Банк» 500 000 000 тг

- Программа микрокредитования **«Даму-Микро»**

ТОО «МФО «Finbox» 100 000 000 тг

ТОО «МФО «Арнур Кредит» 1 000 000 000 тг

ТОО «МФО «Тойота Файнаншл Сервисез Казахстан» 700 000 000 тг

ТОО «МФО «Quantum» 50 000 000 тг

ТОО «МФО «TAS FINANCE GROUP» 50 000 000 тг

ТОО «МФО «TAS MICROFINANCE» 450 000 000 тг

- Программа финансирования **ЛИЗИНГОВЫХ** сделок

АО «ForteLeasing» 643 954 333 тг

АО «Лизинг Групп» 258 000 000 тг

АО «Халык Лизинг» 620 782 600 тг

ТОО «Технолизинг» 878 000 000 тг

Итого 11 280 736 933 тг

Мен кәсіпкер боламын



Номинал сыйақы мөлшерлемесі

7%

(субсидияның арқасында 1%-ға түсіру мүмкіндігі бар)

Максимал сома

10
МЛН Т



Кімге арналған

Бұл бағдарламаға Шымкент қаласында тіркеліп, жобасын Шымкент қаласында жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлер қатыса алады.

Мерзімі

- инвестицияға - 7 жылға дейін
- айналым қаражатын толықтыру үшін - 3 жылға дейін

Мақсаты

- инвестиция
- айналым қаражатын толықтыру